


«Бекітемін»



№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай - бақшасының
педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді.

менгеруші Р.Ж. Урынбаева.

31.08.2022 ж.

Вариативтік компонент

«Музыкалық ойын - сауық»

Ортаңғы «Қарлығаш» тобы..

2022 – 2023 оқу жылы

Түсініктеме хат

Сіздердің алдарыңызда ортаңғы топтарында күннің екінші жартысында өткізуге арналған вариативтік компонент «Ортаңғы топ балаларына арналған музыкалық ойын-сауықтар» ұсынылған. Бұл жұмыс 3-4 жастағы балаларға «Тәрбиеші күні», «Орман мейрамы», «Біздің топта мереке», «Ертегілер біздің достар» т.б. 36 тақырыптан тұрады. Ойын-сауықтар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған. Бұл жұмыстың мақсаты мектепке дейінгі мекеменің іс-әрекеті жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып балалардың шығармашылық қасиеттерін дамыту.

Егеменді елдің жас ұрпақтарын тәрбиелеу, талапқа сай білім беру, бүгінгі күннің уақыт күттірмес мәселелерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, мектепке дейінгі мекемелердің алдында балаға жүйеленіп, дайындалып берген белгілі бір білімді беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни, сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, ойын дұрыс жеткізе білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті болып тұр.

Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер қалыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез - құлық, ұжымшылдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді

Осы жағынан алғанда, жас жеткіншектерді тәрбиелеп, оларды жан - жақты дамытып, жетілдіруге мерекелік күннің үлесі зор. Жас жеткіншектердің өзін қоршаған ортаға дұрыс қалыптастыруға өз Отанына сүйіспеншілігін арттыруға, еңбекке ынтасын күшейтуге, интернационалдық сезімін оятуға үлкен әсер етеді. Ойын-сауықтар өткізу кезінде ойынның бала өмірінде алатын орны зор, ойнау балалардың табиғи қажеттілігі, оның өсіп - жетілуінің негізгі шарты десе де болады.

Адам өзін - өзі жетілдіруге де, сонымен қатар, өзін - өзі жоюға да қабілетті болады. Адамның өз болмысын тануға ұмтылып, тереңде жатқан талап - тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Сөйтіп ойын барысында олардың тартымды бейнелер жасай білуіне қол жеткізу. Оған тәрбиешілер мен педагогтар жан тәндерімен кірісіп, көп еңбек сіңіру керек.

Күтілетін нәтиже:

Білу:

- Мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатысып өз өнерлерін көрсетуге: өлең оқуға, ән салуға, би билеуге, ойын ойнауға, ертегі кейіпкерлерін сомдауға қатысуға талпыныстарын қалыптастыру.
- Мерекелер туралы түсініктерін кеңейту.
- Балалардың сахналаудағы белсенділіктерін арттыру.
- Ойын-сауықтарға дайындығын мадақтап, бірлесіп жасаған жұмыстары мен оның нәтижесіне қуану сезімдерін қолдау.

Қолдану:

- балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- баланы жарыса білуге қалыптастыру;
- баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік дағдыларымен сәйкес келетіндігін ескеру.

Ай	Апта	Тақырыбы, мақсаты.	Сағаты
Қыркүйек	I апта	Тақырыбы: Жол жүру ережесі Мақсаты: ЖЖЕ туралы мәлімет беру. Ойын арқылы керекті мәліметтерді бекіту. Топпен жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру. Кішіпейілдікке тәрбиелеу.	1
	II апта	Тақырыбы: «Көңілді смешариктер» Мақсаты: Мультфильм кейіпкерлерінің қатысуымен, цирктік қойылым арқылы балалардың ағылшын тілі, музыкаға және дене шынықтыру пәндеріне қызығушылықтарын арттыру. Берілген тапсырманың шешуін табуға дағдыландыру. Топпен жұмыс жасауға үйрету. Аудиторияға жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.Өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастыру.	1
	III апта	Тақырыбы: «Кемедегі хикая» Мақсаты: Өз қатарластарына жағымды көзқарас тудыру. Жылы қарым-қатынасты тәрбиелеу, бір-біріне көмек беру қабілеттерін ояту. Достық қарым-қатынасты жандандыру, эмоционалды қатынасты дамыту.	1
	IV апта	Тақырыбы: «Біздің топта мереке » Мақсаты: Балаларды топтық мерекесіне шақыру. Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суреттерін салдыру.	1
Қазан	I апта	Тақырыбы: «Тәрбиеші күні» Мақсаты: Қандай мамандық болса да оған сыйластықпен қарау. Балаларда еңбекті бағалау дағдыларын қалыптастыру	1
	II апта	Тақырыбы: «Ертегілер - біздің достар» Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл-күй сыйлап, ертегілер түрлерімен таныстыру. Мерекеге жақсы көңіл-күй керек екенін балаларға ұғындыру.	1

Қараша	III апта	Тақырыбы: «Күзгі бал» Мақсаты: Алтын күз сайысына қатысушылардың арасынан Күз ханшайымын және Күз ханшасын анықтау. Күз айлары туралы білетіндерін ортаға салып, сайысқа деген қызғушылығын арттыру. Табиғатты сүюге тәрбиелеу.	1
	IV апта	Тақырыбы: «Ақ тиін күні» Мақсаты: Балаларға жабайы аңдар туралы мәлімет беру. Қоныстайтын жерлерін айқындау, тиіннің еңбекқорлығы жайлы мәлімет беру.	1
	I апта	Тақырыбы: «Қызықты сүт күні» Мақсаты: Мерекелік көңіл-күй сыйлау. Балаларға сайысқа қатысу қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген көңілді көңіл-күйді орнату. Сүт туралы мәлімет беру. Ағзаға тигізер пайдасы туралы айтып кету. Сүт тағамдару туралы білімдетін толықтыру.Электр құралдарымен қолдануды түсіндіру. Ойлау қабілеттерін дамыту. Жұмбақтарды шешу, құрастыруларын жалғастыру. Ұжымдық қасиеттерін дамыту.	1
	II апта	Тақырыбы: «Түрлі-түсті бояулар» Мақсаты: Бояулар туралытүсінік беру. Балалардың назарын негізгі түстерге көңіл бөлуге, түстерді ажырата білуге үйрету.	1
	III апта	Тақырыбы: «Джунгли шақырады» Мақсаты: Мерекелік көңіл-күй сыйлау. Бір-біріне деген достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Ұжымда жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.	1

	IV апта	Тақырыбы: «Мыстан кемпір сұлулар арасында» Мақсаты: Балаларды әдемілікке, эстетикаға, өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Үлкендерге сыйластықпен қарау, кішіпейілдік дағдыларын қалыптастыру.	1
Желтоқсан	I апта	Тақырыбы: «Орман мейрамы» Мақсаты: Мерекелік көңіл-күй сыйлау.Ұжымдасу сезімдерін дамыту. Бірлестік қабілеттерін, топта жұмыс істеу қабілеттерін арттыру.	1
	II апта	Тақырыбы: «Қызғалдақты құтқарайық» Мақсаты: Балаларға гүлдер туралы түсінік беру. Гүлдерді күтіп баптауға үйрету.Қызықты ойындар өткізу. Ойлау қабілеттерін дамыту.	1
	III апта	Тақырыбы: «Шаңғышы күні» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың қысқы спорт түрлеріне қызықтыру, қыс уақытында неғұрлым көп ойын түрлерімен таныстыру.	1
	IV апта	Тақырыбы: «Би биле балақай!» Мақсаты: Балалардың музыканы тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын дамыту. Музыканы тыңдай отырып, бидің қимылын келтіруге үйрету.	1
Қаңтар	I апта	Тақырыбы: «Ақшақардың туған күні» Мақсаты: Ойын түрінде негізгі физикалық қасиеттерін: ептілікті, жылдамдықты, шыдамдылықты, тепе-тендікті сақтауға, қимыл-қозғалыс ойынында ұқыптылықты дамыту.	1
	II апта	Тақырыбы: «Күн, ауа және су, менің адал достарым» Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру, балаларға өз қабілеттерін, ептіліктерін, шапшандықтарын көрсете білуге үйрету. Дененің сау болуына, ауырмауына, денені шынықтыруға тәрбиелеу.	1
	III апта	Тақырыбы: «Су саяхаты» Мақсаты: Балалардың экологиялық сана сезімін	1

		қалыптастыру.Судың қасиеттерімен таныстыру, судың жердегі тірізатқа маңыздылығын нақтылау.	
	IV апта	Тақырыбы: «Құстар әлеміне саяхат» Мақсаты: Жалпы құстар туралы, олардың тіршілі мен пайдасы туралы мағлұмат беру. Құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	1
Ақпан	I апта	Тақырыбы: «Бауырсаққа қонаққа барамыз» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін қонаққа шақыра отырып,қиялы мен қабілетін жетілдіру. Балаларға жағымды, жағымсыз қасиеттерді айыра білуге үйрету.	1
	II апта	Тақырыбы: «Білгір, бағдаршам» Мақсаты: ЖЖЕ туралы мәлімет беру. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, жолда жүру ережелерін орындауға, дамытушылық ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1
	III апта	Тақырыбы: «Денсаулық еліне саяхат» Мақсаты: Балаларға өз денелерінің тазалығы туралы білімдерін қорытындылап, олардықалайұстау керектігін айту. Өз денсаулықтарын сақтауға үйрету.	1
	IV апта	Тақырыбы: «Көңілді петрушка» Мақсаты: Топпен жұмыс жасауға үйрету. Аудиторияға жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Балаларға сайысқа қатысу қызығушылықтарын арттыру. Достық қарым-қатынасты жандандыру, эмоционалды қатынасты дамыту.	1
Наурыз	I апта	Тақырыбы: «Көңілді күн» Мақсаты: Көңілді күн мерекесінің мән - мағынасын ұғындыру. Сахналық мәдениетін қалыптастыру. Мерекелік көңіл –күй сыйлау.	1
	II апта	Тақырыбы: «Көңілді балық аулау» Мақсаты: Жылы қарым - қатынасты, тапқырлыққа тәрбиелеу,	1

		бір-біріне көмек беру қабілеттерін ояту.	
	III апта	Тақырыбы: «Қыз болу оңай ма?» Мақсаты: Балаларды бір - бірін құрметтеуге үйрету. Бір-біріне кішіпейіл болу қасиеттерін дамыту. Ұл балаларға қыз бала нәзік жан екенін түсіндіріп, жеткізу	1
	IV апта	Тақырыбы: «Ертегілер еліне шолу» Мақсаты: Ертегіні айтып түсіндіру және сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын ажырата білуге үйрету. Саусақпен сурет салуға және қағаз қиындыларынан үйшік құрастыруға, өз беттерінше жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	1
Сәуір	I апта	Тақырыбы: «Күлкі күні» Мақсаты: Балаларға көңілді, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.Мерекенің себебін түсініп, анықтама беруге дағдыландыру.	1
	II апта	Тақырыбы: «Ғарыш, Жер, Әлем» Мақсаты: Ғарыш кеңістігін игерудегі жетістіктерді қазіргі өмірімен байланыстыра отырып түсіндіру. Тарихи, ғылыми танымын кеңейту, білімділігін арттыру.	1
	III апта	Тақырыбы: «Көктемгі тамшылар» Мақсаты: Балаларды көктем мезгілімен, өзгерістерімен таныстыру.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	1
	IV апта	Тақырыбы: «Махаббат күні» Мақсаты: Балаларды анаға, туған жеріне , тәрбиешіге т.б. баулу.Бір-біріне деген махаббатын көрсетіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.	1
Мамыр	I апта	Тақырыбы: «Араларда қонақта» Мақсаты: Балаларды араларға қонаққа апарып, қызықты ойын-сауық өткізіп, көңілдерін көтеру.	1
	II апта	Тақырыбы: «Жігіт сұлтаны» Мақсаты: Балалардың бойында ұлттық салт-дәстүрімізге сай көріктілік, ептілік , ержүректілік қасиеттерін қалыптастыру.	1

		Туған жеріне, еліне, деген сүйіспеншілігін арттыру.	
	III апта	Тақырыбы: «Біз жазға қонаққа барамыз» Мақсаты: Мектепке дейінгі ортаңғы топ балаларына жаз туралы мағлұмат беру, оның белгілері мен ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыру. Қорыту және жүйелеу үшін жағдай жасау.	1
	IV апта	Тақырыбы: «Балалар күні» Мақсаты: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді ақышына келтіріп, айтуға үйрету. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиетін жоғалтпай ұстауға жетелеу.	1
Барлығы:			36